

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Сандық сауаттылық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	11.3.4.6 Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдау; 11.3.4.5 Blockchain технологиясының мақсаты мен жұмыс істеу қағидатын түсіндіру; 11.6.2.1 ақпараттарды және зияткерлік меншікті (1996 жылғы 10 маусымдағы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», 2003 жылғы 7 қаңтарғы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары) қорғаудың қажеттілігін негіздеу; Электрондық сандық қолтаңба мен куәліктің мақсатын 11.6.2.2 сипаттаңыз
-------------	--

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдайды; • Blockchain технологиясының мақсаты мен жұмыс істеу қағидатын түсіндіреді; • Ақпараттарды және зияткерлік меншікті қорғаудың қажеттілігін негіздейді; • Электронды цифрлық қолтаңба және сертификат қызметін сипаттайды.
-------------------	---

Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Жоғары деңгей дағдылары
----------------------------	---

Орындау уақыты	20 минут
----------------	----------

Тапсырмалар

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында Модельдік сандық фабриканы құру жобасы бар. Ақылды зауыт шикізатты өңдеуден бастап тауарды жеткізуге дейінгі барлық өндірістік циклдерді автоматтандыруға, сондай-ақ барлық процестерді бірыңғай сандық жүйеде басқаруға мүмкіндік береді.

Осы жобаға жататын бағыттардың аттарын жазыңыз. Жауабын негіздеңіз.

- а) «Өнеркәсіпті цифрландыру»
- б) «Сандық мемлекетке көшу»
- в) «Сандық Жібек Жолын енгізу»
- г) «Адами капиталды дамыту»
- д) «Инновациялық экожүйе құру»

Жауабы:

Негіздеу:

2. Сәуле Арманға «Kaspi.kz» қосымшасы арқылы ақша аударымын жасады. Blockchain технологиясының жұмыс принципі бойынша сызбаны толтырыңыз. Әрекеттер тізімін қарап шығыңыз және олардың сандарын рет-ретімен 1-схемаға жазыңыз

Әрекеттер тізімі
1. «Блоктар жүйенің барлық қатысушыларына тексеру үшін жіберіледі.
2. Транзакция , алдыңғы «блоқтың» нөмірі мен хэші бар «блокта» жиналады.
3. «Блок», «блок тізбегіне» қосылады, ол барлық алдыңғы транзакция туралы ақпаратты қамтиды
4. Транзакция желіге жіберіледі
5.Егер «блокта» қате болмаса, онда жүй содан кейін жүйенің әрбір қатысушысы осы «блоқты» өзінің дереккор данасына жазады




Схема 1

3. Айдана «Транзит» атты ақша аударымын жеңілдететін мобильді қосымша құрды. Бірақ, қосымшаны басқа компания жарнамалап, өзінің өнімі екенін көрсетті. Айдана өзінің автор екенін негіздей алатын әрекеттерді сипаттаңыз.

а)

б)

Зияткерлік меншікті негіздеудің маңыздылығын түсіндіріңіз.

4. Авторлық құқық сертификатын алу үшін электронды цифрлық қолтаңбаның қажеттілігін сипаттаңыз.

5. Электронды цифрлық қолтаңбаны қолданудың артықшылығын көрсетіңіз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістерін талдау;	1	Жобаға жататын 1-ші бағытты көрсетеді	1
		Жобаға жататын 2-ші бағытты көрсетеді	1
		Өз жауабын негіздейді	1
Blockchain технологиясының мақсаты мен жұмыс істеу қағидатын түсіндіру;	2	Blockchain технологиясының жұмыс принципінің 1-ші қадамын көрсетеді	1
		Blockchain технологиясының жұмыс принципінің 2-ші қадамын көрсетеді	1
		Blockchain технологиясының жұмыс принципінің 3-ші қадамын көрсетеді	1
		Blockchain технологиясының жұмыс принципінің 4-ші қадамын көрсетеді	1
		Blockchain технологиясының жұмыс принципінің 5-ші қадамын көрсетеді	1
Ақпараттарды және зияткерлік меншікті қорғаудың қажеттілігін негіздеу;	3	ҚР заңы арқылы негіздеуді сипаттайды	1
		Арнайы сертификат арқылы негіздеуді сипаттайды	1
		Зияткерлік меншікті негіздеудің маңыздылығын түсіндіреді	1
Электронды цифрлық қолтаңба және сертификат қызметін сипаттау	4	Авторлық құқық сертификатын алу үшін электронды цифрлық қолтаңбаның қажеттілігін түсіндіреді	1
	5	Электронды цифрлық қолтаңбаны қолданудың артықшылығын атайды	1
Барлығы:			13